



КАБИНЕТТЕ ОТЫРМАЙ,
ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСЕДІ

5-БЕТ | ДЕПУТАТ ДАУЫСЫ



ҚЫЗЫЛ ТЕРРОР ҚАСІРЕТІ

8-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ



ХАМИДИДІҢ
МӘҢГІЛІК МҰРАСЫ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“”

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ:

ЖАҢА ӨМІР БАСТАЛДЫ. РУХЫМЫЗ КӨ-
ТЕРІЛІП, ОЙЫМЫЗДЫ ЕРЕКШЕ ҚУАТ БИ-
ЛЕДІ. ӘР КҮНІМІЗ БІР АЙ, БІР АЙЫМЫЗ БІР
ЖЫЛҒА ТАТИТЫНДАЙ ҚАУЫРТТЫҚПЕН,
АЙРЫҚША СЕРПІЛІСПЕН, ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ,
МЕМЛЕКЕТ БОЛДЫҚ ДЕГЕН СЕЗІММЕН ЖҰМЫС ЖАСАДЫҚ.
ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ЕУРАЗИЯНЫҢ КЕҢ ДАЛАСЫН КЕЗІП, ЖАН
САҚТАП, ҰРПАҚ САҚТАУ АРҚЫЛЫ ЖЕРІН САҚТАУ ҮШІН ЖА-
НЫН ПИДА ЕТКЕН ҚАЗАҚТЫҢ ӘЛЕМНІҢ ОЗЫҚ ЕЛДЕРІМЕН,
ӨРКЕНИЕТІМЕН ҚАТЫНАСЫП, БОЙЫН ТЕҢЕСТІРІП,
ӨРКЕНДЕУГЕ БЕТ АЛҒАН ҚОЗҒАЛЫСЫ - ОЛ НҰРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВ БАСТАҒАН ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

30

№60 (4184) Сейсенбі 25 мамыр 2021 жыл

NurSultan

ASTANA

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ А Қ Ш А М Ы 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA АППАРАТ



САЯБАҚ ҚАЙТА ТҮРЛЕНДІ

Есіл өзенінің жағасындағы қалалық саябақ қайта жөнделуден өтті.

Аумағы жағынан Ботаникалық бақтан кейін екінші орын алатын қалалық саябақтың 20 мың шаршы метрден астам тас төсемі ауыстырылды. Апатты жағдайда тұрған субұрпақ кешенінің орнына бұ әсері бар заманауи технология орнатылды.

Биыл Тұңғыш Президент қоры саябақта жаңа ойын алаңын, work out кешенін орнатты. Осы жазда баскетбол алаңы мен ашық аспан астындағы іс-шараларға арналған көше сахнасы ашылады.

36 ГРАДУС ЫСТЫҚ

Бүгін елордада ауа температурасы күндіз 36 градусқа жоғарылайды, ал түнде 17 градусты көрсетеді.

Оңтүстік-шығыстан секундына 3-8 метрлік жел соғады. «Қазгидромет» мекемесі «25-26 мамыр күндері елордада нағыз ыстық ауа райы сақталады. Оңтүстіктен ағылған жылы және құрғақ ауаның әсерінен аптап ыстық күшейеді. Алайда 27 мамырдан бастап Батыс Еуропаның аудандарынан антициклон ықпалы артады. Ол солтүстік суық ағындарды бізге әкеліп, соның әсерінен ауа температурасы 18-28 градусқа дейін төмендейді» деп хабарлады.



ҚОҢЫРАУ СЫҢҒЫР ҚАҒАДЫ

Бүгін оқу жылы аяқталды. Онлайн режимде соңғы қоңырау соғылды. Жылда тап осы күні мектеп түлектерінің шарасы салтанатты түрде өтетін. Алайда биылғы 25 мамыр бұрынғыдан өзгеше. Осымен екінші рет елімізде оқушылар мектеппен үйде отырып қоштасты.

Бұл мереке – ата-аналар үшін қуанышты күн, оқушылар үшін қимас балалық шақпен қоштасу күні, сағыныш сезімін ұялатып, өткенге қайта оралтатын, ертеңгі күнге сенімді серік етіп, үкілеген үмітті арқау ететін күн. Жылылықтың мекеніне айналған мектеппен қош айтысар түлектер үшін соңғы қоңырау рәсімінің маңызы айрықша. Дегенмен әлемді жалмаған пандемия қоғамның дәстүрлі үрдістеріне шектеу салуда.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті карантин кезінде соңғы қоңырау мен аттестаттарды тапсыру салтанатын өткізу талаптарын жариялады. Шара тек санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың қатаң сақталған жағдайында ғана рұқсат етілген. Атап айтқанда, 9, 11 (12) сынып түлектерінің мектеппен қоштасу салтанаттары тек ашық алаңда (таза ауада) өткізіледі. Басқа ешқандай шаралардың өтуіне рұқсат берілмейді. Ал

басқа сыныптар үшін соңғы қоңырау салтанаты онлайн видео-конференция түрінде өткізіледі.

Соңғы қоңырау шарасының ұзақтығы 45 минуттан аспайды. Аттестаттарды тапсыру сәтінде қол алысуға болмайды. Бетперде кию және 2 метрлік арақашықтық сақтау міндеттеледі. Салтанат аяқталғаннан кейін көшеде, тамақтану орындарында бұқаралық шара өткізуге тыйым салынады.

ЗАМАНҒА САЙ МАМАНДЫҚ ҚАЙСЫ?

Жоғары оқу орындарының сапасын сөз еткенде, өзіміздікін жерге ұрып, шетелдікін мақтаймыз. Неге? Статистикаға сүйенсек, бакалавр атанғандардың 60 пайызы мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Мемлекеттік грантпен білім алғандар бюджеттің ақшасын желге ұшыруда. Ал «дипломы бар» атану үшін ақылы оқығандар тәуір жұмыс таппай сандалып жүр. Оған себепші біліксіз кадр, бірсарынды оқытушылар ма, әлде жүйенің жүйесіздігі ме?

6-БЕТ | БІЛІМ

ЕЛОРДАДА 152 МЫҢНАН АСА АДАМ ВАКЦИНА ҚАБЫЛДАДЫ

Елордада 24 мамыр күнгі ақпарат бойынша 152 мыңнан астам адам коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинаның 1 компонентін алды.

Қала тұрғындары мен қонақтары қытайлық Sinofarm Hayat-Vak және ресейлік «Спутник V» вакцинасын қабылдай алады. Басқарма қоймаларында бұл вакциналардың дозалары жеткілікті екені хабарланды.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновтің тапсырмасы бойынша егу пункттерінің саны 36-дан 100-ге дейін ұлғайтылды. Бүгінде елордада «Mega Silk Way», «Keguel», «Хан Шағыр», «Абу-Дабби Плаза», «Азия Парк» СОО-ларында, сондай-ақ «Сарыарқа», «Астаналық», «Әлем» сауда үйлерінде ашылды.

Вакцинация пункттерінің кеңеюіне байланысты БМСК ұйымдарының жұмыс уақыты қысқарып, 08:00-22:00 аралығына белгіленсе, СОО-лар үшін жұмыс тәртібі өзгеріссіз қалады – сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін.



ЕЛІҢ ҮШІН ЕКПЕ САЛДЫР!

COVID-19 індетін ауыздықтаудың бірден-бір жолы – вакцина салдыру. Әлемде вакцинация қарқынды түрде жүргізілуде. Елімізде екпе алғандардың қатары күн сайын көбейіп келеді. Десе де халық медицина мамандарына қарағанда желіде желдей ескен қауесетке сенгіш. Оған себеп – түсіндіру жұмыстарының аздығы. Сондықтан екпенің ағзаға әсері жайлы жазуды жөн көрдім.

Вакцинация ала отырып, әр адам қоғамдық денсаулықты сақтауға және нығайтуға үлкен үлесін қосады. Қоғамдық жауапкершілікті сезіне отырып, мен де «Спутник V» вакцинасын қабылдадым. Ине сұққан жер аздап ауырды. Бір-бір жарым күндей кішкене ауырсындым. Бірақ одан соң білінбей кетті. 21 күннен бастап қан құрамында коронавирустық қарсы антиденелер пайда бола бастады. 40-50 күнге дейін антиденелердің титры жоғалады да, бір қалыпқа түседі. Осы саланың маманы ретінде айтарым, коронавирустан қорғандың бірден-бір жолы – екпе. Одан қорқудың қажеті жоқ, керісінше, індеттен қорғану үшін қабылдау керек. Екпе егіп, түрлі аурулардан

сақтанудың тарихы тереңде. 1787 жылы шотландиялық хирург Эдвард Дженнер өз тәжірибесінде сиырға екпе жасап, оны оспа ауруынан сақтап қалған. Содан кейін адамға да сынақ жүргізіле бастады. Қауіпті дерттердің алдын алу мақсатында әлем ғалымдары бірігіп, ақыры вакцина ойлап тапты.

Вакцина адам ағзасына қалай әсер етеді? «Спутник V» – векторлы вакцина, тасымалдаушысы – вирус. Яғни аденовирусқа COVID вирусның аз ғана бөлігін жапсырады. Жасушалар ақуыз шығарады, нәтижесінде иммун реакциясы пайда болады және организм вирусмен күресуді үйренеді. Негізі, аденовирус векторы организмде көбеймейді, өйткені ол – репликатив



ақуы бар вектор. Бұл – организмде көбеюге мүмкіндік беретін генді жойылған вирус. Ол реакторда тек осы ген экспрессияланған арнайы жасушаларда көбейе алады. Ал біздің организмде көбеюі мүмкін емес. Сонымен қатар қалыпты ауру немесе вакцинация кезінде антиденелердің пайда болуы

дәл геномды қайта құру арқылы жүреді және онда тұрған ештеңе жоқ. Айырмашылығы сол, вирус бөтен антиген жұқтырған кезде, онымен қандай да бір жолмен байланыса алатын антиденелер шығаратын жасушалар көбейе бастайды. Көптеген мутация пайда болады және антигенмен жақсы-

рақ әрекеттесетін антиденелер жасайтын жасушалар іріктеледі. Иммун реакциясы кезінде организм жақсы антидене шығаруға үйретілгенге дейін геном үнемі өзгеріп отырады.

Америкалық вакциналар – геномдық вакциналар. Оны қолданған кезде -70 градуста ұстау қажет.

Ресейдікі де тірі вирус болған соң оны бұзылып кетпеу үшін -20 градуста сақтау керек. Ал біздің вакцинаны тоңазытқышта қатты қаттырмай алып жүре беруге болады. QazCovid-in вакцинасы өлі вирустан жасалады. Бұл – баяғыдан келе жатқан технология. Мұның құрамында кәдімгі сол COVID ауруының залалсыздандырылған вирусы бар және оған иммуностимулятор қосылған. Одан бөлек, кәдімгі су мен аздаған тұз бар. Аллергиясы бар адамдар ғана дәрігердің бақылауында біраз отыру керек.

Екпе қабылдағаннан кейін де вирус жұқтырып алған жағдайлар орын алуда. Егер адамда вакцина салдырғаннан кейін бас ауру, әлсіздік, ыстық көтерілу сынды белгілер байқалып, бір тәуліктен кейін де жалғасса, демек ол адам вирусты оған дейін жұқтырған. Ал жағымсыз белгілер бір тәулікте қайтса, онда бәрі қалыпты деген сөз. Бастысы, қарсы көрсеткіші бар адамдарға екпе салдыруға болмайды. Аяғы ауыр, емізетін жастағы баласы бар әйелдер, бауыр мен бүйрек созылмалы ауруына, жүрек-қан тамыры, аутоиммунды, диабет, қатерлі ісікке шалдыққан жандарға екпе салынбайды. Вакцина қабылдап, ауырып қалдым деп, әлеуметтік желілерге жар салатын жандар осы жайттарды ескерсе екен.

Нұрсұлтан ТУРАБАЙ,
оқытушы, магистр

Өткен жылы су қоймаларында 317 адам суға батып көз жұмған. Олар – жүзу білмейтін жандар және қараусыз қалған балалар, мас күйінде шомылғандар. Бұл туралы кеше халыққа онлайн форматта есеп берген Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин хабарлады. Ол еліміздегі 50 мыңнан аса су қоймаларының 10 пайызында ғана суға шомылу қауіпсіз екенін мәлім етті. Биыл 2 мың рейд өткізіліп, 70-тен астам құқық бұзушылар жауапкершілікке тартылған.

ШОМЫЛАТЫН ОРЫНДЫ ҚАЛАЙ АНЫҚТАЙМЫЗ?

Юрий Ильин жазда коммунальдік және жекеменшік жағажайларда 1 мыңнан аса құтқарушылар кезекшілік атқарып, суға батқандарға алғашқы медициналық көмек көрсететін 97 дәрігерлік нүктелер ашылатынын жеткізді. «Жергілікті әкімдіктер су қоймасының қожайындарымен бірге 108 құтқару бекетін ашты. Ол жерде қоғамдық құтқарушылар, арнайы оқытылған еріктілер жұмыс істейді.

Қосымша барлығы 170 бекет ашу жоспарланып отыр» деп түсіндірді министр.

Ол сондай-ақ «2 ГИС» қосымшасында шомылуға рұқсат етілген және тыйым салынған жерлер туралы ақпарат жазылатын тармақ болатынын хабарлар етті. Құзырлы ведомствоның басшысы ата-аналарға өз денсаулығына және балалардың қауіпсіздігіне мұқияттылықпен қарауға шақырды.

КӨГАЛДАНДЫРУ ЧЕЛЛЕНДЖІНЕ ҚАТЫС!

Елордада «Керуен» сауда, ойын-сауық орталығының қызметкерлері Тұңғыш Президент саябағына ағаш отырғызды.



Мамыр айында елорданың белсенді тұрғындары азаматтарды бүкіл қала бойынша ағаш отырғызуға шабыттандыру үшін «Өз ағашыңды отырғыз!» бастамасын іске қосты. Челлендж аясында «Керуен» сауда, ойын-сауық орталығының «Build System» ЖШС қызметкерлері Тұңғыш Президент саябағында ағаш отырғызды.

Сонымен қатар «Family Village» және «Family Town» коттеджді

қалашықтарының тұрғындары «Бірге – таза Қазақстан» экологиялық айлығы аясында өткізілген «Өз ағашыңды отырғыз!» эко-челленджіне қатысып, жанына 100-ге жуық терек отырғызды.

«Бұл шараға өз үлесімді қосқанымға қуаныштымын. Әкімдік қаланы көгалдандыруға баса назар аударып отыр. Сондықтан біз де осындай маңызды шарадан шет қалмауды ұйғардық» дейді Гүлбарам Алпысова.

92,8 МЛРД ТЕҢГЕ ЖӘРДЕМАҚЫ БЕРІЛДІ

2021 жылғы қаңтардан сәуірге дейін көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы төлемдерімен жалпы сомасы 92,8 млрд теңгеге жетіп, орта есеппен 440,1 мың отбасы қамтылды.

2021 жылғы сәуірде жәрдем-ақының бұл түрін 448,9 мың отбасы жалпы сомасы 23,6 млрд теңгеге алды. Аталған мемлекеттік жәрдемақыға 4 және одан да көп бірге тұратын көмекке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер бола алады.

Төлемдердің мөлшері бала санына байланысты сараланған: 4 балаға – 46760 теңге, 5 балаға – 58457 теңге, 6 балаға – 70154 теңге, 7 балаға – 81852 теңге, 8 балаға – 93344 теңге, 9 балаға –

105012 теңге, 10 балаға – 116680 теңге, 11 балаға – 128348 теңге, 12 балаға – 140016 теңге, 13 балаға – 151684 теңге, 14 балаға – 163352 теңге, 15 балаға – 175020 теңге, 16 балаға – 186688 теңге.

Еске сала кетейік, көпбалалы отбасыларға олардың кірістерін есепке алмай берілетін жаңа мемлекеттік жәрдемақы Қазақстанда 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тетіктерінде көзделген табысы аз және көпбалалы отбасыларды қолдаудың үш негізгі бағыты шеңберінде енгізілген болатын.



ЖАС САРБАЗДАР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласындағы десанттық-шабуылдау бригадасына әскери міндетін өтеуге келген жас сарбаздар ант қабылдады.

Әскерге шақырылғандар бір ай бойы сарбаздар «жас жауынгер» курсынан өтіп, онда саптық, дене, атыс даярлығының, жалпы әскери жарғылардың негіздерін үйренеді, сондай-ақ іс жүзінде атуды орындайтын болады. Ант қабылдау рәсімі салтанатты жағдайда өтті.

«Өрбір білім мен дағдыны, іскерлікті табандылықпен меңгерулеріңіз керек. Атап айтқанда, жауынгерлік дағдыны, әскери шеберлікті

жетілдіріп, нағыз әскери маман болуларыңыз керек. Қасиетті антқа адал болыңыздар, – деді Құрлық әскерлерінің идеологиялық жұмыстар басқармасы бастығының орынбасары, полковник Нұржан Өмірзақов.

Шара соңында десантшы-жауынгерлер қоян-қолтық күрестің элементтерін, қаруды қолдану арқылы саптық әдістерді көрсетіп, салтанатты шерумен жүріп өтті.

АШҮҚ ҚОСЫМШАСЫ МЕМЛЕКЕТ БАҚЫЛАУЫНА ӨТТІ

Ашүқ қосымшасы мемлекет бақылауына өтті. Бұл туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин мәлімдеді.

Бұған дейін «қызыл» мәртебесі бар адам өзгенің жеке сәйкестендіру нөмірін теріп, көпшілік орынға өтіп кетуі мүмкін деген мәселе көтеріл-

ген еді. Енді Ashuq eGov mobile-ға енгізіледі. Сонымен қатар еліміздегі екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшасында пайда болуы мүмкін.

СӘТБАЕВ КӨШЕСІ ЖӨНДЕЛЕДІ

Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы Нұр-Сұлтан қаласы ПД Әкімшілік полиция басқармасымен бірлесіп Қаныш Сәтбаев көшесінде орташа жөндеу жұмыстарын бастады.



Жөндеу жұмыстарына байланысты осы жылдың 24 мамырынан 5 маусымына дейін Талғар көшесінен Обаған көшесіне дейінгі учаскеде ішінара көлік қозғалысы шектелетін болады.


«Қала жолдарында кептеліс тудырмас үшін елорда тұрғын-

дары мен қонақтары қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауы қажет. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз және жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне түсіністікпен қарауды сұраймыз» деп жазылды басқарма хабарламасында.

АЛТЫ Өңір – «ҚЫЗЫЛ АЙМАҚТА»

2021 жылғы 24 мамырдағы жағдай бойынша Нұр-Сұлтан мен Алматы қалалары, Ақмола, Атырау, Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстары «қызыл аймақта» қалып отыр.

Шымкент қаласы, Ақтөбе, Қостанай, Қызылорда, Павлодар мен Солтүстік Қазақстан облыстары «сары аймақта» болса, Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстары «жасыл аймақта» орналасқан.



ДЕПУТАТ ДАУЫСЫ №2



«АСТАНА – ЖАҢА ҚАЛА» ТЫНЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Жақында Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаттары «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағындағы кәсіпорындар жұмысымен танысты. №1 индустриалды паркте өткен мәслихаттың тұрақты комиссияларының көшпелі отырысында өзекті мәселелерді талқылады.

Депутаттарға жоғары технологиялық қасбет конструкцияларын шығаратын «ТАЛ Инжиниринг Қазақстан» ЖШС-тің зауыты таныстырылды. Кәсіпорын басшыларының айтуынша, олар шығаратын плиткалардың бағасы қолжетімді әрі сапалы.

«Swissgrow» ЖШС химиялық өнімдерді, тыңайтқыштар және құрамында азоты бар қоспаларды өндіреді. Швейцариялық технологияны қолданатын зауыт инновациялары фермерлерге жоғары сапалы өнім алуға мүмкіндік береді. Депутаттар осы кәсіпорынды және модульдік үй салумен айналысатын «ModeX» зауытын аралап, таяуда іске қосылған мұнаралы қрандарды шығаратын кәсіпорынмен танысты.

Қазір №1 индустриалды парк

аумағындағы тепловоз зауыты, вагон жөндеу зауыты, қорғаныс мақсатындағы оптикалық құралдар зауыты, басқа да ірі өндіріс ошақтарында, жалпы алғанда 80 кәсіпорында 4 мыңнан аса адам жұмыспен қамтылған. Мұнда өндірілетін өнімдердің 70 пайызы – қазақстандық мазмұнда. «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағындағы бұл кәсіпорындар жер телімін пайдалану салығынан, корпоративтік кіріс салығынан, импортқа деген қосымша құн салығынан, мүлік салығынан босатылған.

№1 индустриалды парк құрылысына кезінде 21 млрд теңге салынған екен. Қазір бұл нысан 95 пайызға толды. Салықтың есебінен ағымаш нысаннан соңғы бес жылда 89 млрд теңге бюджетке қайтарылды.

Мәслихат депутаттарына «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймақ қатысушыларына арналған жеңілдіктер мен преференциалар, осы аймақ қатысушысы қалай болуға болатыны, сондай-ақ кейбір проблемалар туралы айтылды.

Қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов: «Бұл мәселелерді бірлесіп шешетін боламыз. Осы мақсатта арнайы отырыс өткізіп, Nur Otan фракциясы арқылы барлық ұсыныстарды Мәжілістегі әріптестерімізге жолдаймыз» дей келе, «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймақ төрағасы Бақытжан Досқазиевке барлық проблемаларды, соның ішінде аймақ инфрақұрылымының аяқталмаған нысандары, №2 индустриалды парк құрылысы, т. б. мәселелер бойынша анықтама дайындауды ұсынды.



Ерлан КАНАЛИМОВ, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы:

ҮЛЕСКЕРЛЕР МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕДІ

– Nur Otan партиясы елордалық филиалының сайлауалды бағдарламасының басты мақсаты – халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту үшін жағдай жасау. Үлескерлер мәселелерін шешу – өмірлік маңызы бар тармақтардың бірі. Аяқталмаған нысандардың құрылысы – партияның елордалық филиалының төрағасы, қала әкімі Алтай Көлгінов пен мәслихат депутаттарының ерекше бақылауында.

Быыл 18 проблемалық тұрғын үй кешеніндегі 57 үй пайдалануға беріледі, көптен күткен пәтерлердің кілтін 7,5 мыңға жуық үлескер алады. Келесі жылы 16 тұрғын үй кешеніндегі 40 үй (шамамен 3 мың үлескерлер) тапсырылады.

Әкімдіктің уәкілетті ұйымының бөлжамы бойынша «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС 2021-2023

жылдарға 33 нысанда (10,5 мың үлескер) 117 үй салу жоспарланған.

Ағымдағы жылы үлескерлердің 4 үйі бойынша пәтерлерді жөндеу үшін кілттерді беру рәсімі басталды. 2021 жылғы 12 сәуірде инвестормен «Үміт-Береке» тұрғын үй құрылыс кооперативі бойынша өзара ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Соның шеңберінде инвестор осы нысанның 75 үлескерінің үлесін сатып алады.

Қазіргі уақытта аяқталуы 2023 жылға жоспарланған нысандар бойынша әлеуетті инвесторлармен келіссөздер жүргізілуде («Аниса 2, 3», «Магистральный-3» және «Мунар-2» тұрғын үй кешендері). Келіссөздердің оң серпінімен үлескерлердің мәселелері 2022 жылдың шегінен шықпай шешу жоспарланып отыр.

КАБИНЕТТЕ ОТЫРМАЙ, ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕSEMІЗ

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты Ерлан Дәкенов – ел тұрғындарын вакциналау басталғанда екені ең алғашқы болып алған адамдардың бірі.

– Екпе егу медицина қызметкерлері, ақ халатты абзал жандардан басталды. Содан кейін әлеуметтік желілерде «халық қалаушылары неге алмайды?» деген әңгімелер туды. Сол кезде «шынында, өзімізден неге бастамаймыз?» деген оймен вакцина алдым, – дейді Е. Дәкенов.

Халық пен биліктің арасында алтын көпір болып жүрген депутат өз жұмысында тұрғын үй мәселесі, аудан аумақтарына қатысты көптеген мәселе туындайтынын айтады. Оларды тиімді шешу үшін халықпен кездесіп, проблемалары тиісті орындарға жеткізеді. Депутаттық сауал жолдайды.

– Мемлекет басшысы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» деген тұжырымдаманы ұсынды. Біз соны ұстанамыз. Әлеуметтік желілерде жұмысымызды көрсетіп жатамыз. Телефондарымыз ашық. Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік академиялық филармониясының бас директорымын. Сол қыз-

метінен бөлек, демалыс күндері өзіме бекітілген аумаққа барып, халықпен кездесемін. Тұрғындардың арасында да белсенді азаматтар бар. Олар маған белгілі бір мәселені шешуге көмектеседі. Проблема туындағанда өзіме хабарлайды, – дейді депутат.

Халық қалаушысы елорданы газдандыру жайлы да пікірін білдірді.

– Бас қалаға газ келді. Қазір «Көктал», «Железнодорожный» тұрғын алаптарда, басқа да аумақтарда газ құбырлары тұрғындардың үйлерінің жанына әкелінді. Тек қана үйлеріне кіргізіп алу керек. Әрине, осы жағдайда мәселелер туындап жатады. Өртүрлі компаниялар бар ғой, бастысы – ешкімге алданып қалмау. Нақты газдандырумен айналысатын компаниямен келісу керек. Кейбір тұрғындар бағасын көтере алмай жатады. Бірақ газдың пайдасы көп. Ең алдымен тұрмыс жеңілдейді. Газдандыру бойынша мәселелер



болды. Біз тиісті аумақтарды араладық. Өзім «Агроқалашық» тұрғын алабына жауаптымын. Онда газ құбырлары тұрғындар үйлерінің жанына салынды. Газдандыру жаңа-жаңа басталды ғой. Қала әлі толық газбен қамтылады деп ойлаймын. 3-жылу-энергия орталығын іске қосу жоспары бар. Ол да газға өтеді, – дейді Е. Дәкенов.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты Ерлан Дәкенов – ел тұрғындарын вакциналау басталғанда екені ең алғашқы болып алған адамдардың бірі.

– Бюджетті қарағанда қағаз жүзінде сұраныстар болады. Біз белгілі бір мекемеге барып, жұмысымен танысуды жөн көреміз. Сол жерде туындап жатқан мәселені байқаймыз. Мәселен, жөндеу жұмыстарына қанша қаржы керек, ғимараттың жалпы жағдайын, қызметкерлердің жағдайын білеміз. Соның бәріне көз жеткізгеннен кейін неге қолдау көрсетпесек?! Қағаз жүзінде басқа болуы мүмкін. Ал мекемеге арнайы барып, жұмыстарын көріп, қажеттілігін біліп жатамыз, – дейді депутат.

Депутаттың пікірінше, ең алдымен халықтың мәдениетін арттыру керек. Одан соң білімнен қарулану қажет. Қағамыздың, еліміздің көркеюіне атсалысу да басты іс.

ҚОСАЛҚЫ СТАНСАНЫ КӨШІРУ КЕРЕК

Жаңадан сайланған Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының VII шақырылым депутаттарына осы қызметке кіріскен уақыттан халықтан көптеген өтініштер түсіп жатыр. Сондай өтініштердің бірі депутат Алмагүл Сегізбайға «Гүлдер» ПИК төрайымы Бахрам Құсайыновадан келіп түскен. Ол қалалық медициналық жедел жәрдем стансасына қарайтын «Алматы» қосалқы стансасын көшіру мәселесімен жүгінген.

Қосалқы станса Ш.Құдайбердіұлы көшесі, 28 мекенжайындағы көпқабатты тұрғын үйде орналасқан. Сол маңайда азық-түлік дүкендері, дәріханалар, сәулілік салоны, аялдама және С.Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей орналасқан. Үй аумағы жеке автокөліктерге толы. Оған қосалқы стансаның жиырмаға жуық санитарлы көлігі қосылғанда үй тұрғындары көліктерін қоятын жер таба алмайды.

Жол қозғалысы мәселелері жөніндегі заңнамада аула аумақтарында көлік қою ережесі жазылған. Соған сәйкес тротуарда, көгалдарда, балалардың ойын мен спорт алаңдарында көлік қантаруға тыйым салынған.

«Сағат 07.00 мен 08.00 аралығында және 17.00-ден бастап 19.00-ге дейін санитарлық көлік кезегін ауыстыру кезеңінде арнайы көліктер жиналады. Бұл осы маңай тұрғындары көліктерінің шығуына кедергі келтіреді. Дәл осы уақыттарда тұрғындары жұмысқа кетеді немесе жұмыстарынан оралады. Ата-аналар балаларды мектепке әкелген кезде жағдай шиеленісе түседі. Бұл мәселе жаяу жүргіншілердің, соның ішінде балалардың жүріп-тұруына жоғары қауіп тудырады» дейді депутат Алмагүл Сегізбай.



Оның айтуынша, арнайы техниканың кедергісіз өтуін қамтамасыз ету – адамдарға шұғыл медициналық көмек көрсетудің кепілі. Ал осы жағдайда жедел жәрдем көліктеріне де біраз кідіруге тура келеді. Себебі – жеке көліктер жолын жабады.

Таяуда қалалық мәслихат депутаты Алмагүл Сегізбай мәслихат хатшысы Ерлан Каналимовтың атына осы мәселені шешуге атсалысу үшін хат жолдады. Онда ол «Алматы» қосалқы стансасын жедел жәрдем көліктеріне арналған гаражы және көлік жуатын орны бар ғимаратқа көшіру мәселесін қарауды сұрады. Мұның екінші жағы да бар. Себебі «Алматы» қосалқы стансасының жүргізушілері

жұмыстан тыс уақытта көліктерін қойып, жуғызуға «Сарыарқа» және «Есіл» қосалқы стансаларына баруға мәжбүр. Бұған да біраз уақыт кетеді.

Депутаттық сауалдан кейін қалалық мәслихатта осы мәселе бойынша отырыс өтті. Оған қалалық қосалқы денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов, Ақтивтер және мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Еркін Өтебаев, қалалық жедел медициналық жәрдем стансасының директоры Мұрат Оразбаев, «Алматы» жедел жәрдем қосалқы стансасының меңгерушісі Сұлұшаш Әбілқасымова және «Елорда даму» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары Елена Чайка қатысты.

Жиында қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратовқа қосалқы стансаға лайық келетін ғимаратты қарастыруды, содан кейін мәслихатты таныстыруды ұсынды. Мәселені бірлесіп шешуге шақырып, оған атсалысатындарын жеткізді.

Ағымдағы жылы 4 үлескердің үйі бойынша пәтерлерді жөндеу үшін кілттерді беру рәсімі басталды және 2021 жылы 12 сәуірде инвестормен «Үміт-Береке» ТҚК бойынша өзара ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды, оның шеңберінде инвестор осы объектінің 75 үлескерінің пайларын сатып алады

2021

18 ПРОБЛЕМАЛЫҚ ТҮРГЫН ҮЙ КЕШЕНІНДЕГІ 57 ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ. КӨПТЕН КҮТКЕН ПӘТЕРЛЕРДІҢ КІЛТІН 7,5 МЫҢҒА ЖҮЙК ҮЛЕСКЕР АЛАДЫ

2021-2023

ӘКІМАДІКТІҢ УӘКІЛЕТТІ ҮЙІМІНІҢ БОЛЖАМЫ БОЙЫНША «ЕЛОРДА ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯСЫ» ЖШС (ЕККО) 2021-2023 ЖЫЛДАРҒА 33 ОБЪЕКТІДЕ (10,5 МЫҢ ҮЛЕСКЕР) 117 ҮЙ САЛУ ЖОСПАРЛАНҒАН

2022

16 ТҮРГЫН ҮЙ КЕШЕНІНДЕГІ 40 ҮЙ (ШАМАМЕН 3 МЫҢ ҮЛЕСКЕРЛЕР)

2023

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА АЯҚТАЛУЫ 2023 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАНҒАН НЫСАНДАР БОЙЫНША ӘЛЕУЕТТІ ИНВЕТОРЛАРМЕН КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗІЛУДЕ «АНИСА 2,3» ТҚ, «МАГИСТРАЛЬНЫЙ-3» ТҚ ЖӘНЕ «МУНАР-2» ТҚ КЕЛІССӨЗБЕРДІҢ ОҢ СЕРПІНІМЕН ЕКК ҮЛЕСКЕРЛЕРДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІН 2022 ЖЫЛДЫҢ ШЕГІНЕН ШЫҚПАЙ ШЕШУДІ ЖОСПАРАП ОТЫР

amangali.kalzhan@mail.ru

Бетті дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

2002

amangali.kalzhan@mail.ru

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

2002 жыл Мемлекет басшысының Жарлығымен Денсаулық жылы болып жарияланды. Сол жылы елімізде алғаш рет азаматтар жаппай скринингтік тексеруден өткізілді. Қорытындысында әйелдер мен балалардың денсаулығын қорғау, жүрек-қан тамырлары және онкологиялық аурулардың алдын алу мәселелеріне айрықша көңіл аудару қажет екені анықталды. Қазақстан ТМД елдері арасында жаңа туған сәбилерге гепатитке қарсы вакциналауды бірінші болып ендірді. Бұл халықтың денсаулық сақтау мәдениетін, медицина саласындағы қызмет көрсету деңгейін жоғарылату үшін маңызды шешім болды.

АЙМАН – ҚҰРМЕТТІЛЕР ҚАТАРЫНДА



2002 жылы әйгілі музыкант, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлық лауреаты, ЮНЕСКО-ның «Әлем әртісі» атағының иегері Айман Мұсақожаеваның есімі Кембридж университетінің жыл сайын жариялайтын «XX ғасырдың 2000 атақты музыканты» IBS

Бүкіләлемдік Құрметті тізіміне еніп, ол өнердегі жетістіктері мен әлемдік музыка мәдениетіне жасаған қызметі үшін аталған орталықтың медалімен марапатталды. Ал Қазақстанның Меценаттар клубы скрипкашыны сол жылы «Платиналы Тарлан» сыйлығымен марапаттады.

АСТАНАНЫҢ БЕС ЖҮЗ МЫҢЫНШЫ ТҰРҒЫНЫ


27 сәуір күні туған Ақнұр Әбжанова Астананың бес жүз мыңыншы тұрғыны атанды. Сәбидің әкесі Ержан Еркінұлы – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінде жүргізуші,

ал анасы Ләззат Серікқызы – №9 гуманитарлық экономикалық лицейде бастауыш мектеп мұғалімі. Сәби туғанда салмағы – 2,800, бойы – 51 см. Қыз баланың есімін әжесі Мәкен ырымдап Ақнұр деп қойды.

ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ 2000 ЖЫЛДЫҒЫ

25-26 қыркүйек күндері еліміздің ең ежелгі шаһарларының бірі Тараздың 2000 жылдық мерейтой ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті. Оған республикалық бюджеттен 1,5 млрд теңге бөлінді. Мерейтойға орай Төктұрмас әулие кесенесі, Бәйдібек баба ескерткіші ашылды. Республикалық ақындар айтысы ұйымдастырылып, жамбылдық

ақын Шырынбек Қойлыбаев жеңімпаз атанды. Телеайтыста шымкенттік Маржан Есжанова топ жарды. Жазба ақындар мүшәйрасында Рафаэль Ниязбек пен Маралтай Райымбекұлы бірінші орынды бөлісті. «Тараз-2000» пошта маркасы, фотолбом шығарылды. «Тараз. Жамбыл облысы» энциклопедиясы дайындала бастады.



АЗИЯНЫҢ СЕНІМДІЛІК САММИТІ

4 маусымда Алматыда Қазақстан, Ресей, Қытай, Пәкістан, Түркия, Моңғолия, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан президенттері, Үндістан мен Әзербайжанның премьер-министрлері, Иранның, Египеттің, Израильдің және Палестинаның өкілетті тұлғалары,

БҰҰ мен ЕҚЫҰ-ның бақылаушы-мемлекеттері өкілдері қатысқан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің I саммиті өтті. Жалпы осы жиынға 15 мемлекеттің басшылары қатысты. АӨСШК I саммитінің басты оқиғасы – АӨСШК-нің ұйымда-

стырушылық негіздеріне, Азиядағы болашақ қауіпсіздік институттарына жол ашқан Алматы актісін жариялау болды. Кеңеске қатысушылар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың АӨСШК Хатшылығын құру туралы ұсынысын қабыл алды.

БҰҰ БАС ХАТШЫСЫ – БАС ҚАЛАДА

17 қазанда Астанаға Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Кофи Аннан келді. Кофи Аннан – Қазақстанға ресми сапармен келген алғашқы БҰҰ Бас хатшысы. Сапар аясында Президент Нұрсұлтан Назарбаев Біріккен Ұлттар Ұйымын дамытуға қосқан үлесін мойындаудың белгісі ретінде оған Қазақстан Республикасының I дәрежелі

«Достық» орденін табыстады. Өз кезегінде Кофи Аннан Қазақстан халқына алғыс білдіре отырып, қазақ тіліндегі «Достық» сөзі бүкіл әлемге қажет екендігін атап өтті. Бұл оқиға еліміздің саяси өмірінде көрнекті орын алған және Қазақстанның БҰҰ-мен ынтымақтастығының маңызын арттырған шара ретінде тарихта қалды.



ДҮНИЕ ЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ II ҚҰРЫЛТАЙЫ

23-24 қазанда Түркістан қаласында Дүние жүзі қазақтарының II құрылтайы өтті. Құрылтайға алыс және жақын 32 мемлекеттен 400-ден астам өкіл қатысты. Құрылтай К.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің мәдениет сарайында ашылды. Жиында бірнеше мәселе, соның ішінде

шетелдердегі қандастырымыздың елге оралу мәселесі, көші-қон квотасының мөлшерін ұлғайту жоспары қарастырылды. Құрылтайда Қазақстан Президенті, Дүние жүзі қазақтары қауымдастығының Төрақа төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев баяндама жасады. «Біз – әр ұлттың халқын бауырымызға басып үйренген халықпыз.

Ал енді шетелден көшіп келеміз деген өз қазақтарымызды бауырымызға баса алмаймыз ба сонда?! Қазақстанда Тәуелсіздікке дейін сегіз жарым миллион қазақ болды. Меніңше, қазір тоғыз миллионға жақындады. Себебі осы жылдар ішінде жарты миллион қазақ көшіп келді» деді сонда Елбасы.

СОЛ ЖАҒАЛАУДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҒИМАРАТ



2002 жылы Астананың сол жағалауында салынған алғашқы құрылыс нысаны – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ғимараты пайдалануға берілді. Астанадағы танымал және еңселі сәулет кешені биіктігі 7 қабаттан 18 қабатқа дейінгі 7 ғимараттан тұрады. Жаяу жүргіншілер өтетін үлкен қақпа 18 қабатты әйнектен тұрғызылған екі мұнараны біріктіріп, керемет ансамбль құрайды. Ғимаратқа «ҚазМұнайГаз», «Қазақойл», «ҚазТрансГаз», «ИнтерГаз Орталық Азия» және «Самұрық» Қазақстан мемлекеттік активтерді басқару қоры» АҚ сияқты Қазақстанның жетекші мұнайгаз компанияларының кеңселері орналасты. Нысанның ашылу салтанатына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысты.



ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ

29 қыркүйек-14 қазан күндері Оңтүстік Кореяның Пусан қаласында XIV жазғы Азия ойындары өтті. Азияның 44 елінен 7711 спортшы бақ сынаған құрлық ойындарында Қазақстан құрамасы 20 алтын, 26 күміс, 30 қола медаль еншілеп, жалпыкомандалық есепте төртінші орынды ие-

ленді. Үкімет қаулысымен Қазақстан спортшыларына біржолғы төлем бірінші орын үшін 2 мың АҚШ доллары, екінші орын үшін 1 мың АҚШ доллары, үшінші орын үшін 500 АҚШ доллары көлемінде белгіленді. Оған республикалық бюджеттен 40 млн 145 мың теңге бөлінді.

«БӘЙТЕРЕК» МОНУМЕНТІ АШЫЛДЫ

29 тамызда елордада «Бәйтерек» монументі ашылды. Қаланың сол жағалауында бой көтерген бірегей ғимараттың биіктігі – 97 метр. Нысанның ең жоғарғы қабатында «Аяла алақан» композициясы орын тепті. Оған алақанды тигізгенде, Елбасының өлеңіне жазылған Бекболат Тілеуханның «Елім менің» әні ойнай жөнеледі. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясы және эскиздерімен салынған монументті жобалаушы архитекторлар тобына Ақмырза Рүстембеков жетекшілік етті. Құрылысын «Имсталькон» құрылыс компаниясы жүргізді. Бұл нысан бейбіт өмір мен келісімге ұмтылған қазақстандықтардың мұратын білдіреді. Сәулетшілер одағының халықаралық қа-



уымдастығы өткізген 10-байқауда қазылар алқасының шешімімен 2002 жылғы ең

таңдаулы жоба ретінде «Бәйтерек» кешеніне Гран-при берілді.

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №59 (4183) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2021 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Contains names and dates for social support recipients.

Table with columns: 1946, 1947, 1948, 1949, 1950, 1951, 1952, 1953, 1954, 1955, 1956, 1957, 1958, 1959, 1960, 1961, 1962, 1963, 1964, 1965, 1966, 1967, 1968, 1969, 1970, 1971, 1972, 1973, 1974, 1975, 1976, 1977, 1978, 1979, 1980, 1981, 1982, 1983, 1984, 1985, 1986, 1987, 1988, 1989, 1990, 1991, 1992, 1993, 1994, 1995, 1996, 1997, 1998, 1999, 2000, 2001, 2002, 2003, 2004, 2005, 2006, 2007, 2008, 2009, 2010, 2011, 2012, 2013, 2014, 2015, 2016, 2017, 2018, 2019, 2020, 2021, 2022, 2023, 2024. Contains names and dates for social support recipients.

Table with columns: 2025, 2026, 2027, 2028, 2029, 2030, 2031, 2032, 2033, 2034, 2035, 2036, 2037, 2038, 2039, 2040, 2041, 2042, 2043, 2044, 2045, 2046, 2047, 2048, 2049, 2050, 2051, 2052, 2053, 2054, 2055, 2056, 2057, 2058, 2059, 2060, 2061, 2062, 2063, 2064, 2065, 2066, 2067, 2068, 2069, 2070, 2071, 2072, 2073, 2074, 2075, 2076, 2077, 2078, 2079, 2080, 2081, 2082, 2083, 2084, 2085, 2086, 2087, 2088, 2089, 2090, 2091, 2092, 2093, 2094, 2095, 2096, 2097, 2098, 2099, 2100, 2101, 2102, 2103, 2104. Contains names and dates for social support recipients.



№60 (4184) 25/05/2021 Сейсенбі

Table with 4 columns: ID, Name, Surname, Date. Rows 2105-2184. Includes names like Байсалдин, Ашупова, Жарекеева, Алтиева, Капарова, Турсунбаева, Жумабекова, Елемесова, Қырықбай, Қурманбаев, Жұрмабаева, Темірбаева, Муханбетова, Аубақырова, Аяшова, Идрисова, Сатымбеков, Бейсекеева, Вегерт, Масаалимова, Терашкевич, Алибаева, Баймуратова, Смағұлова, Шинтемирова, Баженов, Лебедева, Жақимов, Жүнісбек, Злункина, Тажикаева, Судник, Абдыгайфова, Мұзака, Бейсембаева, Набетова, Аусаров, Турашев, Тажикаев, Аяшова, Дүйсеннова, Ейтимбаева, Сағындықов, Альжанова, Ескендірова, Мыкыянова, Баймбетов, Алыбаева, Баймағамбетова, Жикеева, Одинокова, Бейсенова, Тленова, Дюсембина, Зенгер, Сыздықбаева, Абдраманова, Жаннабаева, Енсененов, Кабылбекова, Саменова, Разуменко, Назарова, Момынова, Ахметова, Оспанова, Калина, Сулеева, Сейтбекова, Тхак, Уразбаева, Курманғалиева, Куттыбаев, Абрамьян, Мадырбаева, Умирзакова, Джамантаева.

Table with 4 columns: ID, Name, Surname, Date. Rows 2185-2260. Includes names like Садықов, Рзабекова, Тюленева, Манабаев, Алтаева, Минчоло, Габасова, Алдиярова, Алтынаева, Шувалов, Букенаев, Ақпантаева, Айтбекова, Байрамгулова, Укитаева, Мусенова, Жандарбекова, Рустемова, Алимова, Алтайбекова, Матқаринова, Жолболдина, Мейрамова, Акимжанов, Тажикенова, Спандиярова, Ларионова, Койбақышова, Турамиева, Мақажанова, Тутыбаева, Сенгалиева, Галиева, Шинтаева, Солтан, Карипова, Ахметжанова, Бекеева, Шакей, Ахметова, Байғүзин, Бижанова, Базарбаева, Жамансартова, Баймусинов, Данилова, Аманова, Рахымбекова, Нурбаева, Альмурзинова, Сәулен, Алипова, Джангаскина, Кунанбаева, Шолкенов, Джарағатова, Кривошеева, Картанова, Кантаева, Сабиринов, Тастанбекова, Бегалиева, Вейдеман, Елеуов, Байтануров, Нұрмухамет, Турлибекова, Рыспаева, Казбекова, Агибаева, Отт, Жапан, Жақсыбаева, Байдрахманова, Нурканова.

Table with 4 columns: ID, Name, Surname, Date. Rows 2261-2344. Includes names like Аязбаева, Утенова, Таурбеков, Жунусов, Кагазбаева, Тасмағанбетова, Аблақатова, Кемелов, Дарменбаева, Бекенова, Улошова, Садықов, Естаева, Жукенова, Макаренко, Щеренко, Абдрахманова, Кадрова, Ешимханбетова, Газезова, Ибраева, Омарова, Жанабаев, Рысбекова, Исентемирова, Шимко, Абдрахманова, Бегимова, Бекетова, Алыкулова, Смыслина, Камзина, Сидоров, Оспанова, Рахимова, Аскараров, Алдешова, Бекмулдин, Сапарова, Оразбаева, Исакхметова, Лен, Жидикбаева, Утепова, Фаизуллинова, Тураев, Нейбышев, Сыздықбаев, Нурқина, Нуршешев, Мыктыбаева, Қаныш, Сәлімбекова, Карабалин, Ақшешев, Шишкин, Сақипов, Утегенов, Битебаева, Агайдаров, Видюшкин, Нуртазаева, Мейрбеков, Ақимов, Швец, Канатов, Есентемиров, Шермер, Аганасова, Аліева, Жарасова, Ақпанова, Темников, Омаров, Сутурбаева, Жылқыбаева, Галалова, Түменова, Қимашева, Абуова, Юнусова, Вьходцева, Баймбетова, Бадағұлова.



ХАМИДИДІҢ МӘҢГІЛІК МҰРАСЫ

«Астана» концерт залында Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі мемлекеттік академиялық филармониясы Қазақ оркестрінің Латиф Хамидидің 115 жылдығына арналған «Қазақ вальсі» атты XXIV концерттік маусымының жабылу концерті өтті.

Оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, профессор Айтқали Жайымов, дирижері – Қазақстанның Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов.

Концерттің мақсаты – көрнекті композитор, Қазақ КСР-нің халық әртісі, ұлағатты ұстаз, бар саналы ғұмырын музыка өнеріне арнап, соңында өшпес із қалдырған Латиф

Хамидидің шығармашылығын насихаттау.

Аты аңызға, шығармасы мәңгілікке айналған Латиф Хамидидің қазақ музыка өнеріне қосқан үлесі өлшеусіз. Ол төл музыкамыздың жинақтаушысы-этнографы ретінде де ел есінде қалды. Көрнекті тұлға 250-ден астам халық әндері мен күйлерін нотаға түсірді және оларды өңдеп ұрпаққа табыс етті. Сондай-ақ музыка майталманы Мұқан Төлебаев,

Евгений Брусиловскиймен бірлесіп, Қазақстанның алғашқы әнұранын негізгі бөлігінде тең түскенімен, «Қазақ вальсі», «Бұлбұл», «Отан», «Аққу», «Алтын бидай», «Алматы вальсі», «Жайлауым бақша жайнаған», Ұлы Отан соғысының батырлары Мәншүк Мәметова, Нұркен Әбдіров және Рамазан Елебаевқа арнап «Батыр қыз», «Нұркен», «Рамазан» сынды көптеген ән-романстарды тудырып, қазақ вальсінің негізін салушысы атанды.

Концертте Қазақстан мен Татарстанның халық әртісі Нұржамал Үсенбаева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Арайлым Рахымқызы, Бибігүл Жанұзақ, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты Алтынбек Әбділа, т.б. әншілер әйгілі композитордың шығармаларын шырқады. «Туған жер» балалар мен жасөспірімдер хоры өнер көрсетті.

ЖЕЛПІДЕН ЖАЛҚЫ ЖЫР

ТҮЛЕКТЕРГЕ ТІЛЕК!

Айқара ашып Отан-үйдің түндігін
Заңғар көкке көз тігетін күн бүгін.
Жүректерге әкетіңдер ұйытып
Мектеп үні – қоңыраудың сыңғырын.

Іздемендер бұл өмірден жеңілдік,
Алда жол көп, тек біреуі – өмірлік.
Тек сол ғана мұратыңа жеткізіп,
Көк аспанға көтереді көңілің.

Тайсалмаңдар қиындықтар кез келсе,
Жамандықты, жалғандықты көз көрсе.
Сендер сенген адалдық пен арманнан
Өзгереді мына заман, өзгерсе.

Адам болып бұл өмірге келгесін
Мақтан етер істеріңді ел көрсін.
Сендер ертең түлететін заманды
Елдің көшін бастайтын да – сендерсін.

Болғаннан соң өршіл ұрпақ жалғасы
Бүгінгіден аса алмау – арға сын.
Бойларыңнан бұлқып шықсын өр талап
Өзендейін кернеп аққан арнасын.

Кездесе де небір қиын жолда сын
Тізе бүту, шегіншектеу болмасын!
Шырқа биік, ақ көгершін – түлектер,
Шаршамандар, қанаттарың талмасын!

Камал ӘЛПЕЙСОВА



ДИМАШҚА АРНАЛҒАН ТОСЫНСЫЙ

«Мен әншімін» байқауы арқылы Қытайда кең танымал болған Димаш Құдайбергенов 27 жасқа толды. Қазақ елінің мақтанышы, ерекше дарын иесі өнер әлемінде көптеген жетістіктерге жеткен.

Димаш Құдайбергеновтің қытайлық жанкүйерлері туған күніне орай оған айрықша тосынсыз жасады. Олар қала ішіндегі биік ғимараттардың біріне танымал әншінің суреті мен видеосын шығарып, оны жаңа жасымен құттықтаған. Шетелдік тыңдармандарының жасаған сыйы Димашқа ерекше көңіл-күй сыйлаған. Өнер иесі тіпті мұндай құрмет пен құттықтауды күтпегенге ұқсайды. Ол Қытайда бір жылдан астам уақыт болмаса да, жанкүйерлері өзін әлі ұмытпағанына тәнті болды. «Қытайдан карантин кесірінен кеткеніме бір

жылдан астам уақыт болды. Бірақ, оған қарамастан жанкүйерлерім маған мынадай құттықтау жасаған екен» деп жазды әнші. Димаш Құдайбергенов Instagram парақшасында тосынсыздың видеосын да жариялап қойды. Бейнежазбадан үлкен ғимараттың бойында қазақстандық таланттың суреті мен видеосын көруге болады. Желі қолданушылары Димашқа көрсетілген құрметті жоғары бағалап, қытайлық фанаттарының әрекетіне риза болған. Оған қоса, қалың көпшілік тұма талантты жаңа жасымен құттықтап, өздерінің ақжарма тілегін жаудырып жатыр.

Жанель ҚҰТТЫБАЙ,
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің студенті



СПОРТ

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНДАРЫН ЖЕҢДІ

Ригада шайбалы хоккейден өтіп жатқан әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы екі ойында жеңіске жетті.

Бірінші ойында алаң иелері – Латвия құрамасымен ойынның негізгі бөлігінде тең түскенімен, буллит соғуда мергендік танытып, жеңіске жетті. Ал екінші ойында қазіргі әлем чемпиондары, сондай-ақ 1995 және 2011 жылдары әлем біріншілігінің жеңімпазы болған Финляндия құрамасымен кездесті.

Осыған дейін Қазақстан мен Финляндия төрт рет кездесіп, оның бәрінде скандинавиялықтар жеңіске жеткен болатын. Сондықтан болар, Ригадағы кездесуде Финляндия хоккейшілерінің жеңетініне күмән болмаған. Алайда Қазақстан құрамасы бұл жолы әлем чемпиондарына тегеурінді

қарсылық көрсете білді. Ойынның бірінші кезеңінде есеп ашылмады. Ал екінші кезеңде 33-минутында финляндиялық Антон Лунделль Қазақстан құрамасының қақпасынан саңылау тауып, есеп ашты. Арада екі минут өтпей-ақ, Кирилл Панюков қарымта қайтарып үлгерді. Осылайша есеп теңесті.

Үшінші кезеңде есеп өзгермей қалды. Одан кейінгі овертаймда да нәтиже болмады. Ал буллит соғуда тағы да Қазақстан хоккейшілері мергендік танытты. Сөйтіп Қазақстан құрамасы өз тарихында тұңғыш рет әлем чемпиондарын тізе бүктірді.

Бүгін Қазақстан хоккейшілері АҚШ құрамасымен кездеседі.



ШАБАНДОЗДАР БАҚ СЫНАСТЫ

Нұр-Сұлтан қаласында ат спортынан республикалық жарыс өтті, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

Жарыс Мәдениет және спорт министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі және Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігімен келісім бойынша «Атбегілер мен шабандоздар ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі бекіткен ат жарысы кестесіне сәйкес өткізілді.

«Бүгінгі ұлттық ат спорты шарасы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылды. Барлық ұйымдастырушыларға алғысымыз білдіргім келеді. Осындай ұлттық спорт түрлері дами берсін. Біз Мәдениет және спорт министрлігі әрдайым спорт

жарыстарын қолдаймыз. Бүгін ат жарысқа жер-жерден 70-ке жуық шабандоз қатысуда. Барлық қатысушыға сәттілік тілеймін!» деді Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Серік Сәпиев.

Аталған іс-шарада ветеринарлық регламент стандартының талаптарын сақтай отырып, спорттық жарыстарға қатысушыларды

тестілеу үшін допинг-бақылау жүргізілді. Жылқылардан допинг-бақылау тест алу үшін арнайы комиссия құрылған.

«Атбегілер мен шабандоздар» ұйымы – 2018 жылдың 20 желтоқсанында мемлекеттік тіркеуден өткен арнаулы ұйым. Оның негізгі мақсаты – тек даладағы бәйгелерді емес, барлық елді мекенде, оның ішінде қалалардағы ипподром жарыстарын өткізу.

